

«БЕКІТІЛДІ»
«Фридом Финанс» АҚ
Директорлар кеңесі
2018 жылғы 09 тамыздағы
хаттама

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық банкі
2018 жылғы «_____» _____

«ОРКЕН» ИНТЕРВАЛДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПАЙ ҚОРЫНЫҢ
ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ
№ 2 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

Алматы қ-сы, 2018 жыл

2017 жылғы 16 маусымдағы №04-17 хаттамамен Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен бекітілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен 2017 жылғы 22 маусымда келісілген «ОРКЕН» интервалды инвестициялық пай қорының ережесіне (бұдан әрі – Ереже) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Ереженің 2-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын:

«2. Қордың басқарушы компаниясының толық атауы және орналасқан жері

Толық атауы: «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Басқарушы компания);

Орналасқан жері: индекс А15Е3Н4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, За т.е.ж, «Esentai Tower» бизнес орталығы

2014 жылғы 3 шілдеде бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген № 4.2.111/218 лицензия, мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқық береді:

ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметі; номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет».

2. 6-4-тармақтың 2-тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын:

«2) инвестициялық қор активтерінің есебінен бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына (ақшаны қоспағанда) инвестициялардың жалпы сомасы таза активтердің 20 (жиырма) пайызынан аспауға тиіс.».

3. «ОРКЕН» интервалды инвестициялық пай қорының ережесіне осы № 2 өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Ережеде көзделген тәртіппен және мерзімдерде қолданысқа енгізіледі.

«ОРКЕН» ИИПҚ Басқарушы компаниясынан:

**«Фридом Финанс» АҚ
Басқарма төрағасы**

Миникеев Р.Д.